Заң ғылымдарының кандидаты, профессор Сактаганова Индира Советовнаның 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Рахимова Гакку Нурлановнаның «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

СЫН ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілерде қарай отырып, бағдарламалық құжаттарда баяндалған мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарына сәйкес орындалған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қылмыстылықпен күресте мемлекетпен көптеген ұйымдастырушылық шараларын іске асырылуының маңыздылығы жайлы стратегиялық нормативтік құжаттарда, сол сияқты ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айтылып келген. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында өз жалғасын тапты.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Диссертациялық жұмыста көтеріліп отырған қоғамнан

		қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар тақырыбы отандық құқық ғылымына өзінің елеулі үлесін қосады. Бұл қылмыстық жазаны жетілдіруге байланысты тұжырымдамалық ережелер сот тәжірибесіндегі белгіленген олқылықтардың орнын белгілі дәрежеде толтырады, және де бұл жазаны қолдану тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жазу тілі жатық, түсінікті, сауатты орындалған. Диссертациялық жұмыс оқырманына өте жақсы әсер қалдырады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс жаңа ғылыми негізделген нәтижелерді қамтитын ғылыми жетілдірілген жұмыс болып табылады. Алынған нәтижелерді жалпы бағалау олардың негізділігі мен объективтілігіне күмән тудырмайды. Зерттеудің ғылыми негіздемесі жұмыстың отандық заң ғылымын кешенді зерттеудің алғашқы талпыныстарының бірі болып табылатындығында, онда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілерін жалпы жан-жақты теориялық, тәжірибелік позициялардан қарастырылған. Диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Тақырып мазмұны жоспармен үйлесімін тапқан. Диссертацияны оқып талдау барысында, зерттеудің мазмұны тақырыпты нақты айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды жан-жақты зерттей отырып, қылмыстық жазаның мақсатына жету аспектісінде жазаның осы түрін қолдану бойынша келесі сұрақтарды айқындай отырып мақсатқа қол жеткізе отырып, өз алдына қойылған

			міндеттерді аша білген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан, бұл жұмыстың құрылымы мен логикалық жүйеге негізделе отырып, кезектілікпен баяндалуымен расталады. Жалпы зерттеу жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері қарастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жұмыста тарихи тұрғыдан бастап, қазіргі кезеңде қолданылуы деңгейіне дейін, отандық және шетелдер тәжірибесінен алып салыстырмалы талдауларды жасаған. Автор ұсынған жаңа нәтижелер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. *Бірінші нәтиже жаңа*, себебі Оқшауланумен байланысты емес жазалар туралы доктрина ғылыми тұрғыда талданған. *Екінші нәтиже жаңа,* себебі оқшауланумен байланысты емес жазаның бас бостандығынан айырудан айырмашылығы нақтыланған. *Үшінші нәтиже* жаңа, себебі Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалар институтының рөлін арттыру мақсатында (ҚР ҚК-нің 11-бабы) жаңа жаза түрлерімен толықтыру қажеттігін негіздеген. Төртінші нәтиже жаңа, себебі «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығының «Түзеу жұмыстары түріндегі

			жазаны орындау тәртібі» деген параграфтың 44-бөлігіне, ҚР ҚАК 54-бабының 2-бөлігіне, ҚР ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігіне, ҚР ҚАК-нің 66-бабының 1-бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылған. Бесінші нәтиже жаңа, ҚР ҚК 44 – бабының 1-бөлігіне, ҚР ҚК 43-бабының 3-бөлігіне толықтырулар енгізу ұсынылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Автор диссертацияда ұсынған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда - 2, отандық және шетелдік ғылыми баспаларда - 2, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5, Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда – 1, барлығы 10 ғылыми мақала жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген. Ғылыми әдебиеттер мен құқық қолдану тәжірибесінен алынған нәтижелер қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларын қайта қарауды қажет

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	етеді. 7.1.1) Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген 7.2.2) Тривалды емес 7.3.1) Қағида жаңа 7.4.3) Қолдану деңгейі кең 7.5.1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалада дәлелденген
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Жұмыста авторға қажетті теориялық және құқықтық алғышарттар қолданылған. Жұмыста формальды-логикалық, тарихи, жүйелік, статистикалық, салыстырмалы және нақты әлеуметтік зерттеу әдістері таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Жеке ғылыми әдіс ретінде тарихи, салыстырмалы, жүйелілік-құрылымдылық, формальді-логикалық әдістер қолданылған. Бұл әдістер қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды толықтай зерттеуге мүмкіндік береді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Диссертанттың теориялық пікірлері негізделген және дәлелденген. Отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары басшылыққа алынған. Сондай-ақ, статистикалық деректерді өңдей отырып, зерттеулер жасап, тұжырымдар

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	келтірген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, статистикалық деректерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Дисертанттың ғылыми еңбектері де пайдаланылып, сілтеме келтірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Автормен алынған зерттеулер нәтижелері мемлекетпен жүзеге асырылып жатқан қылмыстық саясаттың, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды, оның қылмыстық-құқықтық криминологиялық және әлеуметтік аспектілеріне нақтылық алып келді. Қылмыстық құқық, қылмыстық атқару құқығы және криминология, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың әлеуметтік мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстарда қолдануға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысында алынған ұсыныстар мен тұжырымдар тәжірибеде қолдануға өз септігін тигізеді. Құқық саласында қолдануға мүмкіндік береді. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларға қатысты тиімді ұсыныстарды әзірлеумен анықталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Диссертация бойынша шығарылған тұжырымдар толығымен жаңа. Алынған деректер тиісті құқық саласымен тәжірибеде

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қолданылуы мүмкін екендігі, зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын білдіреді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Оны тараулардың логикалық тұрғыдағы байланысы, пікірлерді дәлелді деректер арқылы келтірілгендігі, жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығылығымен айқындалады.

Жұмыс бойынша төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстар бар:

1. Жұмыс бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың практикада қолданылу жағдайы аясында сауалнамалар жүргізілгенде жұмыстың құндылығы артар еді.
2. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде әзірленгендіктен, отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен қолдану ұсынылар еді.

Аталған ескертпелер мен ұсыныстар ұсынбалы сипатқа ие және жұмысты оң жақты қабылдауға кедергі келтірмейді.

6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Рахимова Гакку Нурлановнаның «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келеді және қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Сын пікір беруші:
Заң ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің қауымдастырылған профессоры **Сақтағанова И.С.**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«08» 04 2024 г.